

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 сәуірдегі N 367 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Стандарттау туралы" және "Сертификаттау туралы" Заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р д ы ң :

1) "Қазақстан Республикасында стандарттар мен техникалық шарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 410 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 18, 215-құжат);

2) "Стандарттау және сертификаттау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 қыркүйектегі N 1259 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 30, 377-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 сәуірдегі N 505 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 15, 121-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі